



## СЕРІК ЖҰМАНҒАРИН ВЬЕТНАМҒА ТХКБ ҚУАТЫН ПАЙДАЛАВУДЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДА ЭЛЕКТРОМОБИЛЬДЕРГЕ АРНАЛҒАН БАТАРЕЯЛАРДЫ ШЫҒАРУДЫ ҰСЫНДЫ



Қазақстан Премьер-Министрінің орынбасары Серік Жұманғарин Вьетнам өнеркәсіп және сауда министрі Нгуен Хонг Зиенмен кездесу өткізді.

«Вьетнам Қазақстан үшін Азиядағы маңызды серіктестердің бірі болып табылады. ҚР Президентінің былтыр тамыздағы Вьетнамға ресми сапарының қорытындысы бойынша біз екіжақты қарым-қатынастарымыздың жоғары белсенділігін атап өтеміз: тауар айналымы 85% -ға өсіп, шамамен \$1 млрд-қа жетті. Елдеріміз арасында аптасына 13 әуе рейсі орындалады. Ұшу географиясын кеңейтуге дайынбыз», — деп атап өтті Серік Жұманғарин.

Сонымен қатар вице-премьер вьетнамдық компанияларды Транскаспий халықаралық көлік бағытының мүмкіндіктерін зерттеуге шақырды. Бұл вьетнамдық экспортқа теңіз бағыттарына қарағанда шығыстан батысқа қарай 3-4 есе жылдам жүруге мүмкіндік береді, бұл шығындарды айтарлықтай азайтады.

«Біз ТХКБ Азия мен Еуро-

па арасындағы ең оңтайлы бағыт деп есептейміз. Сондай-ақ Ляньюньган теңіз портындағы Қазақстан-Қытай терминалының және Сиань құрғақ портының қуатын іске қосуды ұсынамыз», — деді ол.

Кездесу барысында тараптар сирек кездесетін металдарды өндіру және өңдеу саласындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерін талқылады. Вьетнам делегациясына электромобильдерге арналған литий-ион батареяларын өндіру үшін Қазақстандағы ірі литий кен орындарына назар аударуға ұсынылды, бұл Қазақстанның жоғары технологиялық секторының өсуіне, ал вьетнамдық автоөндірушілерге өздерінің бәсекелестік артықшылықтарын сақтауға мүмкіндік береді.

Анықтама: 2023 жылы Қазақстан мен Вьетнам арасындағы тауар айналымы 2022 жылмен салыстырғанда \$979,2 млн құрады – өсім 85,4% (\$528,3 млн). Экспорт \$180,2 млн (+ 44,1%), импорт – \$799 млн (+ 98%).

primeminister.kz

## КӨКТЕМГІ ЕГІС ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА 580 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНЕДІ



Үкіметте вице-премьер Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен кеңесте көктемгі дала жұмыстарына жеңілдетілген қаржыландыруды бөлу мәселелері қаралды.

Талқылауға ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ мен «Бәйтерек» холдингінің басшылығы қатысты.

Азық-түлік корпорациясының форвардтық сатып алуы үшін 40 млрд теңге, «Кең дала – 1» бағдарламасы бойынша 140 млрд теңге бөлінді (147,3 млрд теңге сомасына өтінімдер келіп түсті, 121,3 млрд теңге берілді). «Кең дала – 2» бойынша қазірдің өзінде 22,5 млрд теңгеге 295 өтінім қабылданды, оның 81-і жалпы 3,6 млрд теңгеге мақұлданды. Бұл ретте ауыл шаруашылығы өндірушілері тарапынан «Кең дала – 2» бойынша жеңілдікті қаражат бөлу кезінде АКК тарапынан асыра көтерілген талаптарға өтініштер келіп түседі. Олардың қатарында: соңғы үш жыл ішінде егілген алқаптар мен егістер туралы мәліметтерді растау, меншігінде не уақытша өтеулі пайдалану құқығында егіс алқаптарының болуы, ауыл шаруашылығы қызметінің үш жылдық тәжірибесі, артық ылғалдан сақтандыру және басқа да өтініштер бар.

«Көктемгі дала жұмыстарына бөлінетін ақша еліміздің азық-түлік қауіпсіздігінің негізі және әрбір сұранысқа жеке-жеке қарау керек. Жақын арада Үкімет резервінен және жергілікті бюджеттерден пайыздық мөлшерлемені субсидиялау үшін 100 млрд теңге бөлінетін болады, бұл көктемгі егіс жұмыстарына ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін жылдық 5%-бен қосымша 400 млрд теңге тартуға мүмкіндік береді. Фермерлер бұл қаражатты кідіріссіз алуы керек», — деп атап өтті Серік Жұманғарин.

2024 жылы көктемгі егіс жұмыстарын қаржыландырудың жалпы көлемі 580 млрд теңгені құрайды. Бұл алдыңғы жылдармен салыстырғанда үш есеге көп.

primeminister.kz

## ҚАЗАҚСТАН МЕН ГЕРМАНИЯ АӨК, ТМҚ, ЭНЕРГЕТИКА, КӨЛІК ЖӘНЕ ЛОГИСТИКА САЛАЛАРЫНДА БІРЛЕСКЕН ЖАҢА ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА МҮДДЕЛІ



« А с т а н а » халықаралық қаржы орталығының алаңында ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Склярдың, Германия экономикасының Шығыс комитеті басқармасының төрағасы Катрина Клаас-Мюльхойзердің қатысуымен Берлин Еуразиялық клубының 40-шы мерейтойлық отырысы өтті.

Сондай-ақ шараға мемлекеттік және жеке сектор өкілдері, CLAAS, ST AGRO GmbH, Knauf International GmbH, Atlas

International GmbH секілді Германияның жетекші компанияларының басшылары қатысты.

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары өзінің алғы сөзінде Германияның еліміздің Еуропалық одақтағы ең маңызды сауда-экономикалық және инвестициялық серіктесі екенін атап өтті. Соңғы жылдары Қазақстан Германияның 50 жетекші сыртқы сауда серіктестерінің қатарына енді, осылайша бірден 10 позицияға көтерілді.

«Республикамыздағы инвестициялар қауіпсіздігі мен жоғары саяси тұрақтылықты мойындаудың маңызды белгісі – Германия Федералды үкіметінің Қазақстанды ынтымақтастық орнату үшін инвестициялық кепілдіктер берудің жеңілдікті тәртібі қолданылатын 34 мемлекеттің тізіміне қосуы болды», — деді Р. Скляр.

Өз кезегінде Катрина Клаас-Мюльхойзер Қазақстан Германияның Орталық Азиядағы ең маңызды серіктесі екенін баса айтты. Ол неміс делегациясының Қазақстанға агроөнеркәсіп кешені, тау-кен металлургиясы, энергетика, көлік және логистика салаларында нақты бірлескен жобаларды жүзеге асыруды уағдаласу мақсатымен келгенін ерекше атап өтті.

«Германия шетелде серіктестерді белсенді іздеуде, осы орайда Қазақстан ынтымақтастықты кеңейтудің басым бағыты болып саналады. Біз қосылған құны жоғары өнім шығарғымыз келеді және Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптік жобаларды дамытуға ықпал қосуды жоспарлап отырмыз», — деді Катрина Клаас-Мюльхойзер.

Кездесу барысында «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасы Рустам Қарагойшин, Германия экономикасы Шығыс комитетінің атқарушы директоры, Қазақстан-Германия Іскерлік кеңесінің тең төрағасы Михаэль Хармс, Орталық Азиядағы неміс экономикасы Сыртқы сауда, Ілгерілету және қаржы департаментінің басшысы Ховсеп Восканян, Германия Федеративтік Республикасының Экономика және климатты қорғау федералды министрлігінің басшысы Герлинд Жекман және т. б. қатысты.

Сонымен қатар Р. Скляр құрамына 15 неміс компаниясының басшылары кіретін неміс экономикалық делегациясының өкілдерімен кездесу өткізді. Тараптар пікір алмасып, ынтымақтастықтың негізгі аспектілерін анықтап, экономиканың түрлі салаларындағы өріптестікті тереңдетудің ықтимал жолдарын талқылады.

primeminister.kz

## ЖЫЛ МЕЙІРГЕРІ -2024



« Жыл мейіргері -2024 » байқауы өтті. ШЖҚ «Ескелді аудандық ауруханасы» МКК мейірбикелер арасында Әстүрлі «Жыл мейіргері -2024» атты байқауы өтті. Оған медицина мекемесіндегі әр бөлімнің мейірбикесі шығып бақ сынады. Жеңімпаздар ақшалай сыйлыққа ие болды.

Айма кетейік, аталған сайыс 12 мамыр мейірбикелер күніне орай ұйымдастырылды.

Жүлделі

- 1 орын Баратказыева Ардак Ерболқызы.
- 2 орын Толегенова Жібек Серікқалиқызы.
- 3 орын Вентлянд Ирина Александровна ие болды.

Жеңімпаздарға Құрмет грамотасы мен бағалы сыйлықтар берілді.

# ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН «ЕСКЕЛДІ БАРЫСЫ» АУДАНДЫҚ ІРІКТЕУ ТУРНИРИ



**Ескелді ауданының Дене шынықтыру сауықтыру кешенінің күрес залында Қазақ күресінен «Ескелді барысы» аудандық іріктеу турнирі өтті.**  
Жарыстың ашылу салтанатында Ескелді ауданы әкімінің орынбасары Байұзақова Жанар Қанатқызы сөз

сөйлеп спортшыларға сәттілік тіледі.  
Келесі құттықтау сөз Облыстық бұқаралық-спорттық іс-шарларды өткізу орталығының директорының орынбасары Қайролдаев Елдос Әуелханұлына берілді.  
Спорт саласында көп жылдар қызмет еткен ардагер Салин Рүстембекұлына сөз беріліп, спортшыларға ақ батасын арнап, тілектерін жаудырды.  
Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Әділбеков Қапалбай Қуатұлы жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеп, облыстық, республикалық деңгейде өнер көрсетуге тілектес болды.  
Жарысқа 11 ауылдық округтен 12

палуан қатысып, бақтарын сынап нәтижесінде:  
I орынды Жалғызғаш ауылдық округінің палуаны Жұмақалымов Айбол  
II орынды Төлеңгіт ауылдық округінің палуаны Нұрболат Ермек  
III орынды Алдабергено ауылдық округінің палуаны Ахметов Айдос иеленді.  
Жеңімпаздармен жүлдегерлер Ескелді ауданының бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығының медаль, грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.  
2024 жылдың 10 мамыр күні өтетін Жетісу барысына жолдама ұтып алған палуандарымызға Сәттілік пен Жеңіс тілейміз.  
**Г.ОМАРОВА,**  
**Ескелді ауданының бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығының жетекшісі**

# МӨЛДІР БҰЛАҚ ЖЕТІСУДА СУ ҚОЙМАЛАРЫ МЕН ӨЗЕН АРНАЛАРЫ ТАЗАРТЫДЫ



**Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы бастау алғаннан бері облыс тұрғындары, волонтерлер, жастар ұйымдары, медициналық және білім беру мекемелерінің қызметкерлері, сонымен қатар, өңір спортшылары мен өнерпаздары – жалпы 103 мыңнан астам адам атсалысып, 803 тонна жұмылдырылды.**  
**Экологиялық акциялар нәтижесінде 4 875 тонна қоқыс шығарылды. Облыс аумағында жалпы 29 514 түп ағаш отырғызылды.**  
**Бүгінгі таңда аталмыш акцияның «Мөлдір бұлақ» науқаны жалғасуда. «Мөлдір бұлақ» – өзен, көлдер маңына тазалық жұмыстарын жүргізіп, жағажайларды экологиялық акциялардан тұрады.**

**Кербұлақ ауданында да экологиялық шаралар легі жалғасын тауып, Басши ауылындағы Аралтөбе және Енкөл су қоймаларына тазарту жұмыстары жүргізіліп, аумағына сенбілік жасалды. Шараға барлығы 110 адам қатысты. Ал, Ескелді ауданы Көкжасық, Қайнарлы ауылдарына қарасты бұлақтардың көзін, өзен суларының арнасын ашты. 70 астам тұрғындар мен еріктілер қатысқан эко-шара нәтижесінде 6 тонна қоқыс шығарылып, 2500 м2 аумақ тазартылды.**  
**Жалпы облыс бойынша осы аптада 20 мыңға жуық адамның қатысуымен, 50 экологиялық шара жоспарланған.**

# ТАС МҮСІНДЕР – ТАРИХЫМЫЗДЫҢ ТАМЫРЫ



**Көшпелі дәстүр ұстанған қазақ даласының сыры әлі толық ашыла қоймаған жұмбақтарының бірі-балбал тас. Ежелгі түркі дәуірінде жиі кездесетін, тасан қашап жасалған адам бейнесіндегі мүсін - тарихымыздың құнды мұрасы. Түркілер мәдениеті мен өнері, тарихы мен өмірі, діни – нанымдық ғұрып туралы деректердің бүгінгі күнге жетуіне де әсер еткен – обатастар. Мұндай тарихи ескерткіштер тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар Оңтүстік Сібірде, Алтайда, Тувада Монғолияда кездескен. Қазақстандағы балбал тас тарихы туралы алғашқы зерттеуді Әлкей Марғұлан жүргізген. Академик-ғалымның «Ежелгі мәдениет куәгерлері» еңбегінде обатастар ежелгі түркілердің діни ғұрыптық кешені екенін жазған.**

Олар көбінесе қола дәуірінің ескерткіштері сақталған жерлермен қабаттасып отырады. Қай жерде қола дәуірінің тас шарбағы кездессе, соның қасынан түрік қағанаты кезінде (VI-VIII ғ.ғ.) орнатылған тас шарбақ пен тас мүсіндер тұрады. Түрік қағанаты шығыс пен батысты байланыстыра-тын Ұлы Жібек жолына бақлау жасайтын сауда – саттық, дипломатиялық қатынасы дамыған мемлекет болды. Қағанаттың негізгі діңгегіне айналған ірілі-ұсақты қалалар пайда болып, өркендеді. Қолөнер, егіншілік дамып, сәулет өнерінің белгілілері өркен жайды. Көшпенділер арасында бабалар әруағына сыйыну дамыды. Ежелгі көне түркілер өз ата-бабаларына сыйынып, олардың әруағына, еске алу үшін осы тас мүсіндерді қойып оларды қоршауды дәстүрге айналдырды. Осы тас қоршаулар туралы Әлкей Марғұлан: «Тас шарбақтар тарихи адамдардың жерленген қабір емес, тек олардың еске түсіру үшін ас беріп, ат шаптыратын жерлерге қойылған белгілер»- дегенді айты. Түрік дәуіріндегі мүсіншілер қолынан шыққан адам мүсініне зер салсаңыз ежелгі заманның алыбын, батырдың, атақты билердің, жыршылар мен малшылардың бейнесі көз алдыңызға елестейді. Тас мүсіндер қашан да болсын таулы бұйраттардың жазық алаңында немесе өзен аңғарларының тау етегінде кездеседі. Лепсі тарихи музейінің археология бөлімінде орналасқан балбал тас Алакөл ауданының Лепсі ауылында Көк-төбе тауының етегінде

Лепсі тарихи музейінің қызметкері Хайбулин Мухарам Ментайұлы 1989 жылы тас мүсініне тап болды. Егістікте жұмыс істеуге кедергі болған тасқа тап болған ол, одан таңғажайып тарихи мол олжаны көреді. Мүсінде қолбасшының немесе жауынгердің бейнесі мүсінделген. Мүсін еркек пішінді белін бұған белбеуді қылыш бар, бір қолында тостаған, бір қолында қанжар ұстағанын байқауға болады, тастың алдыңғы жағы өңделген оның өлшемдері: биіктігі -100 см, ені -60 см, қалыңдығы -20-30 см. Балбал тас – өліктің аруағына ғұрыптық кешендеріне арналып жасалған. Осы кешендерде аза тұту, ас беру немесе аруаққа бағышталған «жойтау» сияқты этностың тіршілік циклының аса маңызды ғұрыптық рәсімдері атқарылған. Өліктің аруағына тағзым ету үшін яғни аруағын жөнелтуге және ас беруге қатысқандар өздерінің ел-жерінен әкелген ұзын тастардың сол өлікке арналған арнайы ғұрыптық кешеннің құнығыс бағытына қарай арасын шамамен біркелкі қашықтықта тізбектеп тігінен орнатқан. Жетісу жерін мекен еткен түркі жұртының ғұрыптық ескерткіштерінің белгілі бір аймақта тығыз және топтасып орналасуы сол жерлердің киелілігін айғақтай түсіреді анық. Ғасырлар қойнауынан жеткен бұл ескерткіштер шын мәнінде ғажайып әсер қалдырады. Халқымыздың дүниетанымын, өткен өмірінің тарихын, өзіндік болмыс-тіршілігінің, рухани-мәдениетінің салт-дәстүрінің, ырым-жоралғыларының құпия сырлары тіл арқылы беріліп, сол арқылы ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалып отырады. Бүтін бір халықтар мен мемлекеттердің гүлденуі мен құлдырау кезеңдерін бастан өткерген, тарихты бізге беймәлім жұмбақ сырларын тұнған бұл мұралар қазақ халқы ата-бабаларының өткен өмірінің тілсіз куәгерлері болып қала береді.

**Шолпан АБДИКАРИМОВА,**  
**Лепсі тарихи музейінің қор сақтаушысы:**

# ТҰРМЫСТАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ



көбейетін функциясы бар құрылғылар жасалған.  
Сондай-ақ, автономды хабарлағышты арнайы өрт дабылы желілерін орнатуды және қосымша жабдықты пайдалануды қажет етпейді. Жылына кем дегенде бір рет батареясын ауыстыру керек. Жиналып қалған шаңнан жалған дабылды болдырмау үшін жарты жылда бір рет камераны шешіп оптико-электрондық сезбекті шаңсорғышпен тазалап отыру керек. Түтіндік хабарлағыш орташа есеппен 2500 - 5000 теңге тұрады, бұл өрттен болған шығынмен салыстырғанда едәуір аз. Сіз үйіңізге хабарлағышты орнатса, сіз мүлік пен өміріңізді өрттен қорғайтындығыңызға сенімді бола аласыз.

**Өртте жақындарынан айырылған, бірнеше жыл бойы жинаған үй-жайлары мен мүлкін жоғалтқан адамдар өрт қауіпсіздігі - уақытты босқа өткізу емес екенін біледі. Жыл сайын әлемде өрттен қаза тапқандардың шамамен 70% -ы өртті абайсыз қолдан салдарынан өмірмен қоштасады. Темекі шегуден болған өртте жүздеген адам қайтыс болады. Кресло, диван, төсекте жатар кезде, әсіресе мас болған кезде темекі шегу қауіпті. Жанып жатқан сол темекі - оттың тура жолы.**

Балалар үшін дәптерге өрт сөндіру және авариялық-құтқару қызметінің (өрт сөндіру бөлімінің) нөмірін, сондай-ақ үйіңіздің мекен-жайын жазыңыз. Пәтердің (үйдің) кілтін бір жерде ұстаңыз. Барлық отбасы мүшелеріңіз кілт қайда екенін және қалай пайдалану керектігін білетіндігіне көз жеткізіңіз. Өрт сөндірілген және басқа да алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қалай қолдану керектігін және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауды үйрету керек. Отпен абай болыңыз және үйде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаңыз.

Ересектер, есіңізде болсын: балаларына жауапсыздық танытқаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартыласыздар. Сіздің және балаларыңыздың өмірі көбінесе сіздің өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға деген көзқарасыңызға байланысты. Кәмелетке толмағандарды үйде қараусыз қалдырмаңыз! Сіріңкелер мен тұрмыстық техниканы балаладан жасырыңыз! Отпен және электр құрылғыларымен ойнау қайтымсыз салдарға әкелуі мүмкін екенін балаларға түсіндіріңіз! Балалардың бұл кеңестерді есте сақтауы өте маңызды. Балаларды жеке мысал келтіріп өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға үйретіңіз. Біз балаларымызға үлкен қамқорлық жасау арқылы ғана бала тентектігінен орын алған өрттің алдын аламыз, үйімізді, мүліктерімізді және ең қымбат нәрсе - баланың өмірін сақтай аламыз. Әрине, өрт қауіпсіздігі ережелерін өзіңіз сақтаңыз, балаларға қылмыстық немқұрайдылыққа жол бермеңіз.

Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі

# ӨРТ ШЫҚҚАН ЖАҒДАЙДА «101», «112» НӨМІРЛЕРІНЕ ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ

**Аздап тұтану немесе өрт туындаған кезде дереу «101», «112» телефоны бойынша өртке қарсы қызметті шақырыңыз, тұтану ошағын жоюға және адамдар мен мүлікті үй-жайлардан эвакуациялауға кірісіңіз.**  
**Қарапайым ережелерді есте сақтаңыз!**  
**\* Қосылған электр құралдарын қараусыз қалдырмаңыз.**  
**\* Электр сымдарының, розеткалардың, ажыратқыштардың жарамдылығын бақылаңыз.**  
**\* Қосылған электр үтіктер, электр плиталары, электр шайнектері жанбайтын тіреулерге (кірпіш, мәрмәр, керамика, гипс) қойыңыз.**  
**\* Балаларға сіріңкемен ойнауға және ағаш құрылыстардың жанында от жағуға, құрғақ шөп, терек мамықтарын жағуға жол бермеңіз.**  
**\* Егер сіз пәтерден кетсеңіз, ал кішкентай балалар үйде жалғыз қалса-олардан сіріңкелерді жасырыңыз, электр жылыту құралдарын алып тастаңыз, теледидарды өшіріңіз, пеште бықсыған көмірді сөндіріңіз.**  
**\* Жертөлге және шатырға кіретін есіктер құлыптармен жабылып, жертөле жанғыш қоқыстардан тазартылғанына көз жеткізіңіз.**  
**\* Төсекте темекі шегуге болмайды, әсіресе мас күйінде.**  
**\* Ақаулы пештерді қыздырмаңыз, құбырлар мен түтіндіктерді күйеден уақтылы тазалаңыз.**  
**\* Қосылған газ құралдарын қараусыз қалдырмаңыз**  
**Есіңізде болсын! Өрт легче предупредить, чем потушить!**  
**Өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау және өртке қарсы бұзушылықтарды уақтылы жою-тұрғын үй мен жеке мүліктің оттан сақталуына кепілдік беру.**  
**Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі.**

# ТЫРЫСҚАҚ – ҚАУПІ ТУРАЛЫ!



**Тырысқақ (cholera) – антропонозды жіті ішек жұқпасы, құсу мен іш өту салдарынан ағзаның сусыздануына әкелетін аса қауіпті жедел ішек инфекциясы. Халықаралық медициналық – санитарлық ережелерге сәйкес карантиндік жұқпаларға жатқызылады.**

Жұқпа таралуының жалғыз көзі – ауру адам немесе тырысқақ бойынша қолайсыз аймақтан келген қоздырғышты нәжіс немесе құсық арқылы бөлетін вибриотасымалдағыш. Мұндай жұғу жолы – ауыз – нәжістік деп аталады. Қоздырғыш жұқтырылған тамақ және су (жиі кездеседі) арқылы адам ағзасына түседі, ауру адаммен қатынаста болғанда немесе тұрмыстағы заттарды пайдаланғанда жұғады. Қоздырғыш суда, сүтте, ағынды суларда ұзақ уақыт бойы сақталады және қайнатқанда жойылады.

Vibrio cholerae бактериялары ас қорыту органдарына түсе салысымен сұйық, ауырсындырмайтын, жиі іш

өтуге әкелетін токсин бөледі. Ал жалпы ұлану тоқтаусыз құсуға әкеледі. Адам өзінен көп көлемде сұйықтық шығара бастайды, нәтижесінде ағза сусызданып, адам өліп кетуі де мүмкін. Тырысқақтың жасырын мерзімі қысқа – бір күннен бес күнге дейін. Ауру таралуының негізгі себебі қауіпсіз судың тапшылығы не жоқтығы, санитариялық құралдардың болмауы, бұған қоса, қоршаған ортаның нашар жағдайы, жеке бас гигиенасының сақталмауы болып табылады. Тырысқақ өте жұқпалы, және оған балалар да, ересектер де шалдығады. Басқа ішек ауруларынан ерекшелігі ол бірнеше сағат ішінде дені сау ересек адамның өзін өлімге душар етеді. Иммунитеті төмен тұлғалар, дұрыс тамақтанбайтын балаларға тырысқақ жұққанда өлім қаупі өте жоғары. Емдеу жасалмаса, өлім коэффициенті 30-50 пайызға дейін жетеді.

Медициналық көмекке дер кезінде жүгінсе, және емдеу дұрыс жүргізілсе, аурудың соңы, көп жағдайда сауығумен аяқталады. Тырысқақ ауруын жұқтырып алмау үшін келесіні жадынызда сақтауларыңыз қажет:

- Қолыңызды мұқият жуыңыз, әсіресе, тамақ дайындар және тамақтанар алдында.
- Ішуге және тіс тазалау үшін тек

қайнатылған суды немесе бөтелкедегі суды пайдаланыңыз.

- Ішуге және тұрмыстық жағдай үшін (жеміс-жидек, көкөністер, ойыншықтар және басқа заттарды жуу) кездейсоқ су көздерінің суын пайдаланбаңыз
- Ыстық шай немесе кофе, вино, сыра, газдалған сусын немесе алкогольсіз сусындар, сондай-ақ, бөтелкедегі немесе пакеттегі жеміс шырындары ішуге қауіпсіз. Сонымен қатар, ішу үшін тек сусындарды, сондай-ақ, сапасы кепілдендірілген өндірістік дайындалған шырындарды пайдаланыңыз.
- Саяхатқа шығарда бөтелкедегі суды және сусынды немесе Сіздің тұратын жеріңіздегі дәмхана мен мейрамханада термосқа құйып алынған шай, кофе қайнатылған суды өзіңізбен бірге алып жүріңіз.
- Көше саудасы жағдайындағы мұзды, жаңа сығылған шырынды, сондай-ақ, басқа да тамақ өнімдерін пайдаланбаңыз.
- Термикалық өңдеуден мұқият өткізілген өнімдерді пайдаланыңыз (қайнатылған, пісірілген/куырылған, ыстық сумен жуылған (жеміс, көкөніс) немесе қабығынан аршылған, т.б.).
- Белгісіз су қоймаларында суға түспеніз. Ұйымдастырылған демалысқа рұқсат етілген су қоймасына түсіңіз, тамағыңызды шаймаңыз және суды жұтпаңыз, әсіресе аш қарыңға.
- Шет елге шығар алдында аса қауіпті жұқпалы (тырысқақ) ауруларларымен халық аурушандығы туралы турист фирмасынан анықтап алаңыз;

**Е. СЕЙСЕМБИНОВ, Ескелді аудандық СЗББ басшысы Д. БЕКТЕНОВ, жетекші маман**

# ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗМ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

**Дінді өздерінің саяси мақсаттарына қолданатын экстремистік және террористік ұйымдар мемлекеттің ішкі қауіпсіздігіне және қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылыққа ерекше қауіп төндіреді. Дін мен оның құндылықтарын бетперде еткен жалған уағызшылар жаһандық деңгейде алауыздық пен өшпенділік туғызып, төзімсіздік пен қысым орнатуда. Діни экстремизмнің басты сипаты – адамдарға ұстанатын сенімді бойынша өшпенділік пен озбырлықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе күш қолдана отырып шақырумен байланысты қысым көрсету, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, сеніміне немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни тәжірибені қолдану. Діни экстремизм – діндегі шектен шыққан көзқарастар мен әрекеттерге берілгендік. Экстремизмнің қорқыту, үркіту, агрессиямен және шектен шыққан қаталдықпен сипатталатын белгілері көп. Оның кең мағынасындағы ұғымы – мемлекеттік құрылысты күштеп өзгерту немесе билікті басып алу, мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын бұзуға бағытталған діни мотивацияланған әрекет және осы мақсатта діни алауыздық пен өшпенділікті қоздыру.**

алаңдаушылығын тудырады. Діни экстремизм кең таралған әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде қоғам өмірінің әр саласына өзінің кері әсерін тигізуімен ерекшеленеді. Радикалды идеялардың дамуының жаңа кезеңінің бастауы экстремистік топтардың үгіт-насихат жұмыстарының киберкеңістікке ауысу үдерісі болып табылады. Экстремистік ұйымдардың негізгі мақсатты аудиториясы әлеуметтік, саяси, экономикалық және басқа факторлардың әсерінен берік идеологиялық көзқарасы қалыптаспаған жастар санаты (18-35 жас аралығы). Жастардың интернет арқылы радикалдануы жаһандық үдеріс, оның аясында әлеуметтік желілер зорлық-зомбылықты насихаттаудың, радикалды идеялардың таралуының стратегиялық құралы ретінде қолданылады. Әлеуметтік желілер мен SMM жарнамалық құралдарын пайдалану арқылы халықаралық террористік ұйымдардың көшбасшылары өз аудиториясының негізгі қажеттіліктерін анықтап, соған сәйкес материалдар дайындайды (жоғары сапалы аудио-бейне контент, мемдер, комикстер, суреттер, өлеңдер және т.б.). Бұл сыңақатерлер мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамдастық тарапынан жүйелі шешімдердің қабылдануын талап етеді. Жаңа технологиялардың даму ғасыры жастар арасында онлайн кеңістікте діни экстремизмнің алдын алудың тиімді тетігін құру қажеттілігін айқындады. Қазақстан Республикасы ұжымдық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық бастамалардың белсенді қатысушысы ретінде діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылға ерекше көңіл бөледі. Бүгінгі таңда мемлекет ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралардың кең спектрі өткізуде. Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде онлайн кеңістікте діни экстремизмнің алдын алу бойынша қарсы насихат және ақпараттық-түсіндіру әдістері қолданылады. Қарсы насихат жұмысы әлеуметтік желілерде жергілікті Дін істері басқармалары мен «Дін мәселелерін зерттеу орталықтары» тарапынан жүргізіледі. Танымал әлеуметтік желілерге дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша аудио-бейне материалдар, сұрақ-жауап, діни мамандар мен сарапшылардың дәрістері, пікірлері орналастырылады. Сонымен қатар, экстремизм мен терроризм идеяларын насихаттайтын материалдарды анықтау бойынша бұқаралық ақпарат құралдарына, интернет-ресурстарға, оның ішінде әлеуметтік желілерге тұрақты мониторинг жұмыстары жүргізіледі. Діни экстремизм мен терроризм қаупі туралы хабардар болу, дін саласындағы мәселелерді нұрғылым терең түсіну, экстремистік нарративтерге қарсы тұру, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру жастар арасында діни экстремизмнің алдын алу тәсілдерін енгізу кезінде ескеріледі. Жастар арасында діни экстремизмнің алдын алу мәселесі ең алдымен әр отбасының, қоғамның және мемлекеттің жауапкершілігі шеңберінде қарастырылады. Азаматтық қауымдастықтың мемлекеттік органдармен бұл бағытта бірлесу жұмыс атқаруы маңызды жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді.

ЖШ АҚПАРАТ

# МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕН КӨЛЕМІ АЯСЫНДА ТЕГІН ДӘРІ-ДӘРМЕК КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?

**Денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілер азаматтарда белгілі бір аурулар болған кезде ТМККК және МӘМС қаражаты есебінен амбулаториялық деңгейде дәрілік заттар және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілуге құқылы екенін айқындайды.**

Бүгінгі күні емханаларда МӘМС жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың 261 атауы 68 сырқат бойынша және ТМККК шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың 386 атауы 52 сырқат бойынша қамтамасыз етіледі.

МӘМС аясында, яғни «Сақтандырылған» мәртебесі болған жағдайда, амбулаториялық дәрі-дәрмекпен диспансерлік есепте тұрған жекелеген сырқаттары бар пациенттер қамтамасыз етіледі. Мыса-

лы темір тапшылығы бар фертильді жастағы әйелдер темір препараттарын ала алады, атероклероз ауруы бар және диспансерлік есепте тұрған пациенттер өз аурулары бойынша қанды сұйылтатын дәрілер (антикоагулянттар) мен басқа да парепараттарды ала алады. Яғни, динамикалық бақылауда тұрған әр пациент өзінің сырқаты бойынша препараттармен қамтамасыз етілуі қажет.

Естеріңізге сала кетейік, ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап артериялық гипертензия және аритмия аурулары бойынша амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету МӘМС шеңберінде жүзеге асырылады. Яғни, осы сырқат бойынша дәрі-дәрмектерді алу үшін сақтандыру мәртебесі болуы керек.

Сондай-ақ МӘМС жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан, ТМККК шеңберінде тегін дәрі-дәрмектермен диспансерлік есепте тұрған жекеле-

ген жағдайлары бар азаматтар, мысалы, психикалық және мінез-құлық бұзылыстары бар пациенттер, органдар мен тіндерді трансплантациялаудан кейінгі пациенттер, қант диабеті, бронх демікпесі, өкпе гипертензиясы, жүректің ишемиялық ауруы және басқа да сырқаттарға шалдыққан пациенттер қамтамасыз етіледі.

Тегін дәрі-дәрмектерді алу үшін ең алдымен рецепт тағайындауға тіркелген учаскелік дәрігерге жүгіну керек. Содан кейін дәрі-дәрмекті рецепт арқылы, жеке басын куәландыратын құжатты көрсете отырып емханадағы дәріханадан алуға болады.

Тегін дәрі-дәрмектердің толық тізімімен ҚР ДСМ №75 бұйрығынан таныса аласыздар.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы**

# КТО МОЖЕТ ПОЛУЧИТЬ БЕСПЛАТНЫЕ ЛЕКАРСТВА В РАМКАХ ОСМС И ГОБМП?

Нормативные правовые акты в области здравоохранения регламентируют, что население страны при наличии определенных заболеваний может рассчитывать на лекарственные средства и медицинские изделия на амбулаторном уровне за счет средств ГОБМП и ОСМС.

На сегодняшний день в поликлиниках для пациентов, состоящих на учете с хроническими заболеваниями в системе ОСМС обеспечивается 261 наименований лекарственных средств и медицинских изделий по 68 нозологиям и в рамках ГОБМП - 386 наименований лекарственных средств и медицинских изделий по 52 нозологиям.

В рамках ОСМС, то есть имея статус «Застрахован», амбулаторное лекарственное обеспечение получают пациенты, состоящие на динамическом наблюдении, с отдельными установленными заболеваниями и состояниями. Например, женщины фертильного возраста, имеющие железодефицитную анемию, могут получать препараты железа, пациенты с диагнозом «Атеросклероз» получают антикоагулянты, то есть пациенты, состоящие на динамическом наблюдении, должны обеспечиваться препаратами по своему заболеванию.

Напомним, что с 1 января текущего года, амбулаторное лекарственное обеспечение по заболеваниям артериальной гипертензия и аритмия осуществляется в рамках ОСМС. То есть для получения лекарств по данным заболеваниям необходимо иметь статус застрахованности.

Также вне зависимости от статуса в системе ОСМС, бесплатными лекарствами обеспечиваются пациенты с отдельными состояниями, состоящие на динамическом наблюдении, например, имеющие психические и поведенческие расстройства, пациенты после пересадки органов и тканей, сахарным диабетом, астмой, легочной гипертензией, ишемическим заболеванием сердца и другие.

Для получения бесплатных лекарств нужно обратиться к своему участковому врачу за рецептом. А затем можно получить лекарство в аптеке при поликлинике с рецептом, предъявив документ, удостоверяющий личность.

С перечнем лекарств можно ознакомиться в приказе МЗ РК №75.

Филиал по области Жетісу  
НАО «Фонд социального  
медицинского страхования»

**«Діни экстремизм - әлемге төнген қауіп»**

## ЖАНЫМА ЖАҚЫН – МАМАНДЫҒЫМ!

Қай мамандықты алсаңда, өзіне тән ерекше бір қасиеті бар. Мамандықтың бәрі жақсы, таңдауың дұрыс болса болғаны. Таңдауыңның берекесін көру үшін, тереңіне үңіліп, қадірін түсіне білуің керексің. Қасиетіне үңіліп, қыры мен сырын ұғына білген бүгінгі кейіпкер Ардақ Ерболқызы Баратказыева жайлы. Ардақ Ерболқызы Ескелді аудандық аурухананың күндізгі стационарда аға медбиге болып қызмет атқарады. Жаны жайсаң, антына берік аға медбике Ақсу ауданы, Қапал ауылының тумасы. «Денсаулық – зор байлық, адам бақытының бастауы» деген дана халқымыз әу бастан-ақ денсаулықтың қадірін жақсы білген. Бас ауыттырып, балтыр сыздаған мезетте ақ халатты абзал жандардың көмегіне зәру болып, дертімдізе шипа іздеп, аурухана жағалап кететініміз белгілі. Осы тұста адам жанына араша түсіп, науқастың денсаулығына дәрігерден артық қарамаса кем қарамайтын денсаулық жанашырлары – медбикелердің еңбегі өлшеусіз. 12 мамыр – жүгі ауыр, жауапкершілігі мол мамандықтың иесі – медбикелердің кәсіби мерекесі. Атаулы мереке қарсаңында адам жанына араша түсіп жүрген медбикелердің адал еңбегі жөнінде жазып, насихаттауды жөн көрдім.

-Ардақ Ерболқызы, сырауы көп, жауабы үлкен мамандықты таңдауыңыздың сыры неде? -Бұл мамандыққа келуіме бірден-бір ықпал еткен менің анам. Анам, жастайымыздан құлағымызға құйып отыратын. Бір үйде, бір дәрігер немесе медбике болу керек деп. Үйдің үлкенімін. Содан, да болар бірінші болып, бұл саланы таңдауым. Қызығы мен қиындығы мол бұл мамандық өзіме ұнайды, талай жақсы адамдармен әріптес атанып, жұмыс істеп келемін. Бұл салада ең бастысы, өз ісінді жақсы көріп қана қоймай, тәзімді болуы маңызды. Еңбек жолымда әртүрлі қызықтар да, қиындықтар да кездесті. Дәй тұра мамандығыма деген адалдық ең бірінші кезекте тұрады. Дертіне дауа іздеген жандар өз алғысын айтқанда бар шаршағаныңды бірден ұмытып кетесің. Дертінен айығып, жақсарғанын көргенімде жұмысыма деген құлшынысым одан әрі арта түседі. Әлемдегі ең мейірімді мамандық иесі атанғанымыз мақтан тұтамын. Қызметте қандай да бір жетістікке жетсем, ол осы қарапайым еңбегімнің жемісі деп білемін.

-Әттең, бекер таңдадым! Басқа жолға түсу керек еді-дейтін кездер бола ма? -Жо-жоқ, ойыма да кірмепті. Он бір жылдық тәжірибем бар бұл салада. Мен үшін аз емес, керісінше осы медицина саласында әрі қарай білімді

шыңдап, өзінді бұл жолдан жоғарыдан көргім келеді. Жаныма жақын мамандығым. Еш өкінбеймін. Оқуда жүрген кезімнен осы Ескелді аудандық ауруханадан практикадан өткенмін. Содан диплом алған соң да осы Қарабұлақ ауылына келдім. Бір орындамын. Ұжымым мен басшылығым тамаша. Жастарды қолдап, үнемі білмегенімді үйретіп, алға қарай тартып отырады. Жаңашылдыққа басым қараған ортаман алыс кете алмаймын. Медбикенің жұмысына ең қажет нәрсе – өз ісіне деген адалдық пен науқастарға жауапкершілікпен қарау. Жалпы, мейірбике науқасқа ең жақын әрі қамқоршы адам. Сол себепті мейірбикенің өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдына келген науқасқа жанашырлық танытуы бәрінен маңызды. Бүгінде заман ағымына сай орта буын медицина қызметкерлеріне қойылатын талап деңгейі де жоғарылады. Қазіргі заманауи медбике жоғары білікті, терең білімді болуы қажет. Мейірбикенің әр күні науқастардың жағдайын жасап, бәйек болумен өтеді. «Медицина кәсібі – адамгершіліктің асылы» деп бекер айтылмаған. Біз де жүрегі жомарт, көңілі дария, елге сөзімен де, ісімен де шипа бола білген дәрігерлеріміз көп. Қарыштап күннен күнге дамып отырған медицина саласына көңілім толады. Үнемі оқып, ізденіп жүреміз. Дәрігерлерімізде үнемі білімін жетілдіріп отырамын. Бізде барлық жағдайлар жасалған. Заманына қарай адамы деп жатамыз. Әрбір өз ісін жетік меңгеріп, жақсы көрген маман иесіне қызметін атқару қиын емес деп ойлаймын. Дәрігер де, медбикелер де үнемі ізденіп үстінде. Біздің салада қателесуге жол жоқ. Әлемде ешқашан өлмейтін, даму үстінде ғана жүріп отыратын мамандықтардың бірі – ол медицина саласы. Медицинасы дамыған елдің болашағы жарқын болмақ. Өйткені медицина дамыса, елдің денсаулығы жақсарады, осылайша қоғам дамиды. Дамыған елдердің тәжірибелерін меңгеру арқылы озық елдердің қатарына енуі мақсат тұтқан еліміз соңғы жылдары денсаулық сақтау саласына аса мән беріп келеді. Нәтижесінде жыл сайын салада өзгерістер орын алып, тіпті шалғай аудандардағы емханаларға заманауи аппараттар үлестірілуде. Ал мемлекеттің басты байлығы адам десек, әрбіріміздің денсаулығымызды бақылайтын ақ халатты абзал жандардың қоғам алдындағы еңбегі еселі.

-Жақын «Жыл мейіргері-2024» байқауына қатысып, жүлделі орынды қанжығаңызға байлапсыз. Қатысудағы басты мақсатыңыз неде? -12-мамыр мейіргерлер күніне орай ұйымдастырылған бұл байқауға қатысуымның басты мақсаты, тәжірибе алмасып, білімді дамыту болды. Аяғымның ауырғанына қарамастан, байқаудан қалмадым. Өте үлкен, ауқымды деңгейде болды. Көп дайындалып, үлкен ізденіспен қатыстым. Енбегімнің жемісі, 1 орынға ие болдым. Мені қолдаған әріптестеріме, отбасыма үлкен алғысымды білдіремін. Аудандық байқаудан Облысқа жолдама алып, ол жақтан да 2 орынды иелендім. Бүгінгі таңда, Республикалық байқауға дайындық үстіндемін.

-Медицинаның негізгі бір төрт қасиетіне тоқталсаңыз? -Медицинаның мақсаттары ауру мен азапты жеңілдету, денсаулықты нығайту және аурудың алдын алу, өлімнің алдын алу, мүмкіндігінше ауруды емдеу және мүмкін емес адамдарға қамқорлық жасауды қамтиды. Медицинаның қасиеті көп қой. Бірін айтсаң бірі қалып жатады. Менің ойымдағы негізгілері осылар.

-Бүгінгі қарыштап жатқан




түсінігіңіздегі мейіргер кім? - Менің түсінігімдегі мейіргер үлкен мамандықтың иесі. Жаратқан мен Дәрігерден кейінгі адам арашасы. Емалушының жанашыр, психологы. Ал ғылыми тілмен -мейіргер білім мен шеберлігі бар, күтім процесіне жауапты, мейірімділік көрсете білетін маман болып саналады. Мейіргер — емделушіге толық күтім қамтамасыз ету үшін өзінің кәсіби психологиялық және рухани қасиеттерін дамытқан, бірегей қоғамның белсенді тұлғасы. Қоғам мен емделушілердің қажеттіліктерін денсаулықты сақтау үшін мейіргер жұмысын жалғыз және басқа да денсаулық сақтау саласындағы кәсіби жұмыскерлермен бірге атқара береді.

Медицина ғылымының өсіп-өркендеуіне байланысты денсаулық сақтау саласындағы медицина мейіргерлерінің рөлі артып келеді. Мейіргер мамандығының пайда болуы ағылшын қызы Флоренс Найтингельге байланысты. 1860 жылдың 24 маусымы — мейіргер ісі тарихындағы атақты күн. Бұл күні Лондонда Қасиетті Томас госпиталінде Флоренс Найтингельдің басшылығымен қайырымдылық мектебі ашылды. Осы мектепті бітіруші қыздар мен әйелдер тиянақты түрде ғылыми дайындықтан өтіп шығатын. Флоренс Найтингель қоғам алдында ең бірінші болып мейіргер жұмысының мерейін көтерді. Ол ауруларды күтуге арнайы дайындық керек екенін жұртшылыққа дәлелдеп, сол кезден бастап мейіргер ісінің негізі қаланды. Соңғы кезде мейіргерлік функциясына көзқарастар өзгеруде. Егер бұрын ацентт науқастарды күтуге бағытталса, қазіргі таңда мейіргерлер басқа мамандармен бірге басты міндеті ретінде денсаулықты сақтау, ауруды алдын алу, адамдардың индивидуалды мүмкіндіктеріне сәйкес барынша тәуелсіздігін қамтамасыз етуді жатқызады. Англияда белгілі бір аурулармен (қант диабеті, бронх демікпесі) ауыратын пациенттерге көмек көрсететін арнайы мамандандырылған мейіргерлер жалпы тәжірибедегі дәрігерлердің күнделікті қызметін — пациенттерді бақылау, оқыту сияқты амбулаторлық қабылдау жүргізуді, басқа медициналық және әлеуметтік қызмет көрсететін қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған білім беру жұмыстарын атқара алады. -Бүгінгі медицина саласына көңіліңіз тола ма? Кешегі бұйыннан үйренгенім көп дедіңіз.

Ал, бүгінгі аға буын, жаңашыл дәрігер деп кімдерді айта аласыз? - М е д б и к е н і ң жұмысына ең қажет нәрсе – өз ісіне және науқастарға жауапкершілікпен қарау. Жалпы, мейірбике науқасқа ең жақын әрі қамқоршы адам. Сол себепті мейірбикенің өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдына келген науқасқа жанашырлық танытуы бәрінен маңызды. Бүгінде заман ағымына сай орта буын медицина қызметкерлеріне қойылатын талап деңгейі де жоғарылады. Қазіргі заманауи медбике жоғары білікті, терең білімді болуы қажет. Мейірбикенің әр күні науқастардың жағдайын жасап, бәйек болумен өтеді. «Медицина кәсібі – адамгершіліктің асылы» деп бекер айтылмаған. Біз де жүрегі жомарт, көңілі дария, елге сөзімен де, ісімен де шипа бола білген дәрігерлеріміз көп. Қарыштап күннен күнге дамып отырған медицина саласына көңілім толады. Үнемі оқып, ізденіп жүреміз. Дәрігерлерімізде үнемі білімін жетілдіріп отырамын. Бізде барлық жағдайлар жасалған. Заманына қарай адамы деп жатамыз. Әрбір өз ісін жетік меңгеріп, жақсы көрген маман иесіне қызметін атқару қиын емес деп ойлаймын. Дәрігер де, медбикелер де үнемі ізденіп үстінде. Біздің салада қателесуге жол жоқ. Әлемде ешқашан өлмейтін, даму үстінде ғана жүріп отыратын мамандықтардың бірі – ол медицина саласы. Медицинасы дамыған елдің болашағы жарқын болмақ. Өйткені медицина дамыса, елдің денсаулығы жақсарады, осылайша қоғам дамиды. Дамыған елдердің тәжірибелерін меңгеру арқылы озық елдердің қатарына енуі мақсат тұтқан еліміз соңғы жылдары денсаулық сақтау саласына аса мән беріп келеді. Нәтижесінде жыл сайын салада өзгерістер орын алып, тіпті шалғай аудандардағы емханаларға заманауи аппараттар үлестірілуде. Ал мемлекеттің басты байлығы адам десек, әрбіріміздің денсаулығымызды бақылайтын ақ халатты абзал жандардың қоғам алдындағы еңбегі еселі.

шығыс медицинасына айтар ойыңыз... -Шығыс медицинасы қатар қалып келген емес. Бірақ, шатаспауымыз қажет. Алып-қашпа әңгімелердің арқасында, бұл салаға қатты беріліп кетуге болмайды. Бір-бірінен естіп кейде тіпті заманауи медицинаға сенбей жататындары да бар. Бұл дұрыс емес. Адам арашасына айналған ақ халатты абзал Дәрігерлеріміз жан-жақты өздерін дамытып, адам денсаулығы үшін өз денсаулықтарына да қарамап кетіп жататындары да өз емес. Негізі «ауырмайтын жол іздеу» бүкіл қазақ зиялыларының, өзін мәдениетті санайтын, қоғамда жоғары дәрежедегі өмір сүргісі келетін адамдардың арманы. -Медицина студенттер үшін тарих пен Гиппократ анты неге маңызды? -Медициналық білім нақты әлеуметтік, экономикалық және саяси процестер арқылы жасалады. Тарих клиниктердің толық емес білім жағдайында екіұштылыққа төзе білу және шешім қабылдау қабілетін дамыта отырып, білім өндірісі мен айналымының күтпеген жағдайына сыни көзқарасты береді. Гиппократ – дәрігерлік ілімнің атасы саналатын ежелгі оқымыстысы. Ол адам баласын түрлі ауру-сырқаудан, кесепаттан сақтандыру мақсатында көп еңбектенді. Бұл жолды адамзат алдындағы парызы деп білді. Платон, Аристотель сынды кемеңгерлер де оның ілімін мойындап, «ұлы» деп атақ берді. Ал Гиппократтың өз анты болды. «Өзімнің әл-қуатым мен ақылым жеткенше адал орындауға ант беріп, мойныма мына міндеттерді аламын: мені дәрігерлік өнерге үйреткенді өзімнің әке-шешеммен бірдей санаймын, онымен өз табысымнан қарайласып қажет болса қалса оның мұң-мұқтажын бөлісемін, оның ұрпақтарын өз бауырымдай көріп, егер олардың бұл өнерді үйренгісі келсе, еш ақысыз-пұлсыз және ешқандай шартсыз-ақ сабақ беремін. Өзімнің әл-қуатым, ақыл-ойым жеткенше сауығу режимін аурудың жанына жайлы етуге бағыштаймын, зәредей де нұқсан келтіріп, әділетсіздік жасаудан бой тартамын. Өзі өтінсе де ешкімге өлетін шара қолданбаймын және оның жолдарын да меңземеуім, сондай-ақ еш әйелдің бала тастауына сөзбекерлік жасамаймын. Өз өмірім мен өнеріме дақ түсірмей, мұнғаздай таза, ақаусыз сақтап өткіземін. Қай үйге кірсем де ол үйдің табалдырығын арам пиғыл, зымияндық ойдан аулақ, тек ауруға шапағат тигіземін деген ақ ниетіммен аттаймын... Халық үшін, ел үшін қажымай, талмай еңбек етіп келе жатқан қазақ дәрігерлері үшін де бұл ант қасиетті ереже саналады. Дәрігерлік жұмыстағы адалдық – қазақ дәрігерлерінің айнымас серті. Қазіргі заманда әлем бір орында тұрған жоқ. Күн сайын жаңашылдық, жаңа техника... Қай салада болмасын ұдайы дамып, жетіліп, өсу маңызды. Осы ретте, медицина саласы да дамудың дара жолына бағыт алып келеді. Ал білікті мамандарға жаңашылдықты уақытылы игеріп, оны тәжірибеде қолдана алу маңызды. Аудан медбикелері өркес жаңа білімге ұмтылып, арнайы біліктілікті арттыру курстарынан өтіп тұрады. Кейіпкеріміз алдағы уақытта да осы мақсатты арқау еткен курстар мен байқауларға қатысып, өзін үнемі дамыту үрдісінде екенін айтты. Ақ халатты абзал жан Ардақ Ерболқызына, адам денсаулығын құтқару жолына толағай табыс, қолына күш-қуат, деніне саулық тілейміз.



## ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ

Сонау көне дәуірлерден бастау алатын, өзінің тарихи тәжірибесімен, игі салт, ізгі дәстүрлерімен мақтана алатын халықтың бірегейі – қазақ ұлты десек қателеспейміз. Халқымыздың осындай тамыры терең кеткен, тарихымен бірге жалғасып келе жатқан рухани байлықтарының бірі отбасы құндылықтары. Тіпті біздің рухани құндылықтарымыздың негізі де осы отбасылық дәстүрімізде жатыр десек те болады.

Халқымыздың рухани байлығының бірі – отбасы құндылықтары десек қателеспейміз. Мемлекет дегеніміздің өзі сол жекеден отбасын, отбасын қосындысынан құралады. Елдің келешегі әр отбасында тәрбиеленіп өскен азаматтарға байланысты. Ендеше отбасы құндылықтары әрқашан елдің де, биліктің де назарында болуы тиіс. Отбасы құндылықтары дегеніміз не? Оған қандай принциптерді, қасиеттерді жатқызуға болады.

Отбасылық құндылықтар қоғамның негізгі құрамдас бөлігі болып табылады және мәдениет пен адамгершілікті қасиетті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Құндылықтар отбасы ішіндегі қарым-қатынас пен отбасы мүшелерінің өзара байланысын реттейтін принциптер, сенімдер мен нормалар жиынтығы деуге болады.

Отбасы құндылықтары бала тәрбиесінен бастап ересек отбасы мүшелерінің қолдауы мен құрметіне дейінгі барлық дүниеден көрінеді.

Отбасы құндылықтарының бірі – жанұядағы адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығы, махаббаты. Отбасының негізін, шындығында, махаббат сезімі құрайды. Бұл дегеніміз отбасы мүшелерінің бір-біріне көңіл бөлуі, қамқорлық жасауы, қолдау көрсетуі және отбасы мүшесін қандай кемшілігімен болса да қабылдай білу. Махаббат бар жерде өзара үйлесімділік, эмоционалды күшті байланыс, әрі бақытты отбасы болуға деген ұмтылыс болады.

Екінші маңызды отбасылық құндылық – құрмет көрсету. Сыйластық – әр отбасы мүшесін жеке тұлға ретінде мойындау, олардың пікірлерін, тілектерін мен қажеттіліктеріне құрметпен қарауды қамтиды. Сыйластық бағаланатын отбасында ашық диалог болады. Ондай отбасы өзара түсінісіп, адамның ерекшелігін, айырмашылығын қабылдай біледі. Әрбір отбасы мүшесінің жеке шекарасын, мәдени және діни дәстүрлерін құрметтеу – сенімді қарым-қатынас орнатуға және бірлікті нығайтуға ықпал етеді.

Сенім – бұл отбасылық үйлесімділікті сақтауда маңызды рөл атқаратын үшінші отбасылық құндылық болып саналады. Бұл – отбасының әрбір мүшесі басқа мүшелердің қолдауы мен оны ешқашан жолда тасмайтынына сен алатынын білдіреді. Сенім бар жерде адамдар өз ойлары мен сезімдерін ашық білдіре алады деген сөз, яғни қауіпсіздік атмосферасын құрылады. Сенім, сонымен қатар, эмоционалды байланыстың дамуына ықпал етеді әрі кикілжіңдерді бейбіт түрде ақылға салып шешуге көмектеседі.

Бақытты отбасына байланы-

сты тағы бір құндылықтың бірі – жауапкершілік. Жауапкершілік әр отбасы мүшесінің отбасы өміріне өзара қатысуы мен қосқан үлесінен тұрады. Бұл өз міндеттерін орындауды, басқа отбасы мүшелеріне көмектесуді және олардың шешімдері мен әрекеттері үшін жауапкершілікті қабылдауды қамтиды. Жауапкершілік отбасы ішіндегі сенімділік пен меншік сезімін дамытуға ықпал етеді.

Білім мен даму қатар алып жүру де маңызды отбасылық құндылықтар болып табылады. Білімді бағалайтын отбасы өз балаларын немере басқа мүшелерін үнемі оқытуға және дамытуға баса назар аударады. Білімге ұмтылуын, мектептер мен университеттерге баруын және білім беру процесіне белсенді қатысуын ынталандырады. Білім отбасының әр мүшесінің жеке дамуына ғана емес, сонымен бірге өмір сапасын жақсартуға көмектеседі.

Жалпы, отбасылық құндылықтар отбасы ішіндегі салауатты және бақытты қарым-қатынастың негізін құрайды. Құндылықтар үйлесімділікті, сенім мен сыйластықты қалыптастыруға, сондай-ақ жеке тұлғалардың дамуына және отбасы мүшелері арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді. Шексіз сүйіспеншілік, құрмет, сенім, жауапкершілік және білімге деген ұмтылыс отбасына қиындықтарды жеңуге және бірге бақытты, тұрақты өмірге қол жеткізуге көмектесетін негізгі принциптер болып табылады.

Міне осындай принциптерге негізделген отбасы тату, кикілжіңді бірге отырып шешетін, психологиялық тұрғыда сау азаматтарды өсіріп шығарады. Бұл мемлекетіміз үшін аса маңызды дүние. Өз халқымыздың тарихы тұрғысынан қарайтын болсақ, қазақта үлкенге құрмет, кішіге ізет о бастан дәріптеліп, отбасының бұзылуына көп күш салған. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей, отбасында әке мен шешенің жанжалын көріп өткен бала, азамат болғанда өзі көрген отбасын құратын болады. Мұны психолог мамандар да растайды. Ата-анасы тату, айрандай ұйыған отбасында тәрбие көрген баланың бойына отбасылық құндылықтар сіңіп, жанұя құру деген түсінікті маңызды зор, қасиетті ұғым деп қабылдамақ. Сондықтан қоғам тарапынан ғана емес, мемлекет тарапынан да ұлттық идеологияға назар аударылғаны дұрыс.

Халық арасындағы «Отан отбасынан басталады» деген қағидаға айналған сөз қай кезде болсын өзгерген емес, өзгермеуі те емес.



Елбасымыз «Отбасы – Қазақстан қоғамның діңгегі, экономикадағы, мәдениеттегі, әлеуметтік саясаттағы барлық жаңа жетістіктерінің негізі» деп бұл мәселені қоғам үшін қаншалықты маңызды екендігін көрсетіп берді. Отбасы - кез келген адам өмірінің ең маңызды бір бөлігі. Туған ұясы атанған отбасы қажеттілігін ешқашан жоғалтпайды. Өйткені, ол белгілі бір әлеуметтік институт. Тәрбиенің негізі жанұядан бастау алатындықтан, оған немқұрайлылық таныту мүмкін емес.

Қазақта «Ұяда не көрсең ұшқанда, соны ілерсің», «Ата көрген, оқ жонар, Шеше көрген тон пішер», «Кішіге ізет, үлкенге құрмет», «Атаға не қылсаң, алдыңнан сол келеді», «Әкеге қарап үл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген көптеген өлшемдер бар. Осы өлшемдерге қарайтын болсақ, бар мәселе отбасынан басталатынын ұғуға болады. Ұлт болашағында отбасы ең басты тұғырды иеленеді.

Отбасылық құндылықтарының мәуелі бейтараптығы ол ана. Ана өз ұрпағына дұрыс жолды меңзеп, жақсыдан үйренуге, жаманнан жүренуге, рухани бай болуымызға, халық үшін жанымызды пұда етуге септігін тигізеді. Ананы әр үйдің шам-шырағы, жанған бағы, құндылықтардың негізін салушы деуге болады. Анадан алынған тәлім-тәрбие өмір бойына созылады, оның бітіп қалатын тарифі жоқ. Жанұядағы ана орны ерекше болып қалмақ: «Ол алғашқы күннен бастап, басты борышын, яғни тәрбие жұмысын атқарады». Бойларымызға жақсылықты дарытқан, мардымды істер жасауға дағдыландырған барша аналарға мың алғыс!

Шаңырақ құндылықтарының екінші бір сатысы жақындарымен жалғасын табады. Мәселен, жанұядағы ата мен әженің рөлі де айрықша. Олардың дүниеге деген көзқарастары мен өзіндік талғамдары жасы кіші балаға өнеге болары анық. Кішкентай кезінен атасының, не болмаса әжесінің айтқандарына құлақ түретін ұрпақ болса, оның арты тек жақсылыққа әкеледі. Тәлім-тәрбиенің негізі ата-анадан кейін қастарындағы жақын адамдардан үлгі алу арқылы қалыптасады, өзіндік жеке ұстанымдарды дамытуға септігін тигізеді. Сол бір сәтте баланың жанына демеу бола тұрып, оған тәрбиенің дұрыс берілуін қадағалау маңызды рөл атқарады. Ұлы Абай атамыз былай деген екен: «Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады: біріншісі - ата-анадан, екіншісі - ұстаздан, үшіншісі-құрбысынан». Сондықтан қаншалықты шаршап-шалдығып жүрсе де, ата-ана бала тәрбиесіне мән берулері тиіс. Ұрпақтар сабақтасығы тек осылайша жалғасын таппақ.

Ол халқымыздың тарихымен бірге сабақтасып келе жатқан отбасылық дәстүрлер, этика-

сы мен мәдениеті болып табылады. Жанұяның қалыптасып, дамуына қоғамның қалыптасуының рөлі айрықша маңызды саналады. Отбасы құндылықтарына негізделген салт-дәстүрлерді ұлықтау - ер азаматтың өзіндік міндеті болып саналады. Кез келген жанұяның өз ерекшеленетін құндылықтары болады. Олар бұрыннан келе жатқандар немесе жаңадан пайда болғандар да болуы мүмкін. Алайда, отбасыдағы құндылықтардың негізі махаббаттан, сенімнен, өзара түсіністіктен

бастау алып, алдағы өмірде де жалғасын табады десем, жаңылысқандық болмас. Өйткені, олар ғасырлар бойына маңызды жоймайтын құндылықтар. Осы бір құндылықтарды әрбір отбасы көздерінің қарашығындай сақтап, қастерлеп жүретін болса, нұр үстіне нұр болар еді. Кейінгі ұрпақ тәрбиесінде де орасан зор рөлді иемденетін сөзсіз. Кез келген бүлдіршін - ата-анасынан, тума-туыстарынан және жақын адамдарынан үлгі алып жүреді. Сол себепті, ертеңгі өмірдің болашағы, яғни жас балаға тәрбиенің мәнділігін, оның қаншалықты маңызды екендігін үнемі түсіндіріп отыру қажет. Ғасырдан ғасырға, жылдан жылға дәстүр болып жалғасын тауып келе жатқан отбасы құндылықтарының мәнін кетірмей, көрсінше өркендеп, алға басыуна септігімізді тигізейік. Отбасылық құндылықтарды қастерлеп, оларға кір келтірмей жүру - барша халықтың басты парызы.

